



15-дәріс



ҚАЗАҚСТАННЫҢ
АШЫҚ
УНИВЕРСИТЕТІ

ЭТИКА: ТЕОРИЯСЫ МЕН ҚАЗІРГІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Жазалау және өлім жазасы





Кітап: Этика: теориясы мен қазіргі мәселелері

Дәріс: Жазалау және өлім жазасы

Дәріс атворы: Ақмарал Байдлаева

Саламатсыздар ма, құрметті студенттер! Бүгінгі біздің тақырыбымыз қаншалықты маңызды болса, соншалықты күрделі және ауыр мәселе. Біз бүгін жазалау мен өлім жазасы турасында сөз қозғайтын боламыз. Бұл тақырып сіздерге ұсынылып отырған «Этика» оқулығының 15-ші тарауын қамтиды. Егер сіздер осы тарауға қызығушылық танытып, оны оқитын болсаңыздар, сіздер Құрама Штаттары мен басқа елдердегі қамауда ұстау мен жазалауды іске асыру көрсеткіштері туралы ақпаратпен танысасыздар; Жазалау жүйесіндегі нәсілдік теңсіздік мәселесін сипаттауды үйренесіздер; Шектеу, ескерту, жазалау әділдігі мен реституциялық әділет сияқты негізгі терминдерді түсіндіре алатын боласыздар; Жазалау, түрмеге қамау және өлім жазасы туралы моральдық аргументтерге баға беруді меңгересіздер; Жазалау туралы сұрақтың консеквенциалистік және нонконсеквенциалистік аргументтерін қолдана білесіздер; Заңды жазалау мен жазалаудың басқа түрлері арасындағы айырмашылықты көрсететін боласыздар. Сонымен қатар, бұл тарау сіздерге Милль мен Канттың өлім жазасы туралы келтірген идеяларын саралап, талдауды ұсынады. Сайып келгенде, сіз жазалау мен өлім жазасы туралы өзіңіздің жеке көзқарастарыңызды қорғауды үйренесіз.



Джон Стюарт Милль (1806-1873жж.) – британдық философ, әлеуметтанушы, экономист және саяси қайраткер. Қоғамтануға, саясаттануға және саяси экономияға көп үлес қосқан ғалым. Либерализм философиясының негізін қалаушылардың бірі.

Кіріспес бұрын, Сіздерге таныстырылып отырған оқулық америкалық авторларға тиесілі болғандықтан, мұнда келтірілетін деректер мен мәліметтердің басым бөлігі сол елдердегі деректерге сүйенетінін еске салайын. Соңғы жарты ғасырда Құрама Штаттарында қамалған адамдардың саны жеті есе артты. Құрама Штаттарында көптеген адамдар қамақта, түрмеде және түзету мекемесінің бақылауында отыр. АҚШ-ның Әділет статистикасы бюросының деректері бойынша, 2014 жылдың соңындағы жағдай бойынша, авторлардың ескертуінше, бұл осы кітап жарық көрген сәтке дейінгі толық деректер қолжетімді болған соңғы жыл, яғни 2014 жыды 2,2 миллионнан артық адам қамауға алынды. Бұл адамдар федералды және мемлекеттік түрмелер мен жергілікті қамақтарда тұтқындалған. Түрмедегі халық саны, бұл жердегі әңгіме сотқа дейін ғана қамалғандар емес, сотталғандар турасында, 1,5 миллионға жуық адамды құрады. Шартты-мерзімнен бұрын босатуды қоса алғанда, түзету органдары 2014 жылдың аяғындағы жағдай бойынша 6,8 миллион құқықбұзушыларды бақылап отырды, бұл 2011 жылдағы 7 миллионға жуық адамды құраған ең көп көрсеткіштен сәл ғана азырақ. Бұл АҚШ халқының 2 пайызы түзетуші қадағалаудың түрлі формаларына алынды деген сөз, соның ішінде шартты-мерзімнен бұрын босату және түрмеге қамауға балама шаралар да барын ескерте кетейін. Жалпы, Құрама Штаттарында әлемдегі қамалғандардың ең үлкен саны тұрып жатыр. Бүкіл әлем бойынша қамауда және түрмелерде отырған 10,35 миллион адамның 20 пайызға жуығы – америкалық түрмелерде қамалғандар.

Статистикаға сенск, соңғы жылдары қамаудағылардың саны біртіндеп азайып жатқаны байқалады, мұны ішінара штаттар үкіметтеріне түсетін бюджеттік қысыммен, сондай-ақ, осынша таңғаларлық статистикалық деректердің нәтижесінде түрмедегі халық санын қысқартуды көздейтін кең жұртшылық тарапынан түсетін саяси қысыммен түсіндіруге болады. Алайда «жаппай бас бостандығынан айыру» проблемасы, соның ішінде қамауда ұстау көрсеткіштеріндегі нәсілдік айырмашылықтар – әлде де күрделі мәселе болып отыр. Әділет статистикасы бюросының мәлімдеуінше, 2014 жылы қара нәсілді ер адамдардың 3 пайызға жуығы, ал испан тілді ер адамдардың 1 пайызы түрмеде болған, бұл испан тілді емес ақ нәсілді ер адамдардың 0,5 пайызымен салыстырғандағы көрсеткіш. Бас бостандығынан айырылғандардың 37 пайызы қара нәсілді ер адамдар, 32 пайызы – ақ нәсілді ер адамдар және 22 пайызы – латын америкалық ер адамдар. Сарапшылар басым көпшілігі түсті нәсілді соншалық көп адамдарды қамауға алатын қоғамда бұрыс бірдеңе бар деген пікір білдіріп, дабыл қағуда.

Қалың қоғам жалпы қылмыстың артуына алаңдаулы. Біз адам шошырлық зорлық-зомбылық туралы оқиғаларды күнделікті естіп жатқан сияқтымыз. БАҚ беттерін, теледидар, интернет желілерін мектептегі атыс-шабыстар, балаларды ұрлап әкету, зорлық көрсету және басқа да зорлық-зомбылыққа толы, сұмдық қылмыстар туралы жаңалықтар толтырып отыр. Соның ішінде АҚШ-да орын алып, бүкіл әлем жұртшылығын дүр сілкіндірген ауыр қылмыстар - Колорадо штатындағы Колумбайн мектебінде жаппай



Кітап: Этика: теориясы мен қазіргі мәселелері

Дәріс: Жазалау және өлім жазасы


Дәріс атворы: Ақмарал Байдлаева

оқушыларды қырып салу, Виргиния политехникалық институтындағы атыс, Коннектикут штатындағы Ньютаунда да осыған ұқсас оқиға, Бостондық марафон барысында, Калифорния штатындағы Сан-Бернардинода, Флорида штатындағы Орландода және көптеген басқа жерлерде сұмдық, адам денесін тітіркендіретін қылмыстар жасалды. Көп жағдайда жаппай жауыздық әрекет жасаушылар мерт болады – олар не өз-өздеріне қол салады, не оларды полиция өлтіреді. Ал егер жаппай кісі өлтірушілер тірідей ұсталатын болса, оларды өлім жазасына кескен дұрыс па? Біз төтенше жағдайда полиция қызметкері өзін немесе қоғамды қорғау үшін қауіпті қылмыскерлерді сот пен тергеусіз өлтіруге құқылы деп санағанды жөн көреміз. Алайда осындай төтенше жағдайдағы өлім-жітімді ақтаған сияқты, бастапқы қылмыс жасағаннан кейін сот талқылауына және одан кейінгі апелляциялар жүргізгенге кеткен ұзақ уақыт өткен соң өлім жазасына кесуді де ақтап алуға бола ма? Барған сайын көптеген мемлекеттер өлім жазасына қарсы шығып жатыр. Алайда жаппай кісі өлтіру немесе лаңкестік, терроризм жағдайларында өлімге кесу лайықты жаза бола ма?

Сұмдық қылмыстар өзімізді қауіпсіз сезінбеуге мәжбүрлейтінге қарамастан, авторлардың айтуынша, бұл елдер жақсы жаңалықтан да жұрдай емес – жалпы, Құрама Штаттарында қылмыс жасау деңгейі төмендеген екен. Кісі өлтіру көрсеткіші 1995 жылдағы 100 000 шаққандағы 8 адамнан 2014 жылы 100 000 шаққандағы 4,5 адамға дейін түсіпті. Нью-Йоркта сегіз миллионнан астам адам өмір сүруде, бірақ, статистикалық мәліметтерге сай, кейінгі жылдары кісі өлтіру мүлде орын алмаған күндер де болған екен. Кейбір америкалық қалаларда, әлде де, қылмыстылыққа байланысты елеулі қиындықтар бар көрінеді, бірақ бүкіл ел ауқымында зорлық-зомбылық қылмысы деңгейінің жалпылай төмендеу үрдісі байқалады. Сонымен қатар жазалаудың біршама жұмсақ формаларына ауысу үрдісі де сезіледі. Америкалық билік өкілдері 11 қыркүйектегі «лаңкестікке, терроризмге қарсы соғыс» барысында күдіктілерге қарсы азаптау шараларын қолданғанына қарамастан, Американың Жоғарғы соты өлім жазасын қолдануға шектеу қойды. Мысалы, бұл шара сотталған адам ақыл-есі кем немесе қылмыс жасаған кезде кәмелетке толмаған болса, оны қолдануға тыйым салынған болатын, ал кейбір штаттар өлім жазасын толығымен алып тастады. 2016 жылдың басындағы жағдай бойынша, өлім жазасын он тоғыз штат жойды, соның арасында өлім жазасын 2015 жылы алып тастаған Небраска штаты да бар.

Сонымен, қылмыс деңгейі не себепті төмендеді? Сарапшылар мұның себептерін әлде де талқылап жатыр. Бұл экономика мен мүмкіндіктерге қатысты болуы мүмкін. Немесе бұл біздегі аса ауқымды түрме жүйесіне және оларда қамалған адамдардың орасан үлкен санына байланысты шығар. Бұл нашакорлық эпидемиологиясына байланысты болуы да ықтимал. Не болмаса, бұл полицияның агрессивті шараларына - мысалы, «тоқтат та тексер» әдіс-техникаларын қолдануына байланысты болуы мүмкін. Екінші жағынан, бұл қоғамдық тәртіп сақшыларының белсенді болуы мен жергілікті деңгейдегі қоғамның енжарлық танытпауына байланысты шығар. Бәлкім, бұл қылмыс пен зорлық-зомбылыққа барудың орнына үміт, мүмкіндіктер және балама амалдарды ұсынатын әлеуметтік қамсыздандыру бағдарламаларының табыстылығына байланысты болар. Кем дегенде, бір сарапшы, экономист Стивен Левитт қылмыстың төмендеуін дүниеге келуі қаланбаған балалардың туылуын болдырмайтын түсік жасатуды заңдастыруға қатысты болуы мүмкін деген пікірді алға тартты.

Стивен Левитт (29 мамыр 1967ж.) – америкалық экономист.



Соңғы кездері аталып жүрген теориялардың бірі қылмыс деңгейінің төмендеуін атмосферадағы қорғасын үлесінің азаюының нәтижесі деп біледі. Бұл пікірге сенсек, неврологиялық және мінез-құлықтық проблемалар тудыратын ескі үлгідегі этилдендірілген жанармайдан қалдық болып шығатын қорғасын 1990-шы жылдары шарықтау шегіне жеткен зорлық-зомбылық пен ауытқуларға, девианттық қылықтарға алып келген болуы мүмкін екен.

Кейбір адамдар, егер біз қылмыстылыққа жұмсақ көзқарас танытатын болсақ, оның деңгейі арта береді деп алаңдайды. Бәлкім, соңғы онжылдықтарда оның көрсеткіштері осыншама көп адам түрмеге қамалғандықтан төмендеген болар. Түрмелерді, пенитенциарлық жүйені реформалау қозғалыстары мен



Кітап: Этика: теориясы мен қазіргі мәселелері

Дәріс: Жазалау және өлім жазасы

Дәріс атворы: Ақмарал Байдлаева

бас бостандығынан айырудың балама амалдарын қолдану келешектегі қылмыс көрсеткіштеріне ықпал етуі мүмкін. Кейбір сарапшылардың айтуынша, қылмыстың артқанын дәлелдейтін соңғы деректерді үкім шығару жүйесінің реформасы мен қылмыстық саясатты жұмсартудың жалпы үрдісіне жатқызуға болады.

Бұл талқылауда жазалауға қатысты негізгі утилитарлы ұстаным қолданылады. Утилитаристер үшін жазалау қылмыстың алдын алуы тиіс. Кейбіреулер өлім жазасын қорғап жатады, мысалы, олардың айтуынша, өлім жазасы өте үлкен қоғамдық тежеу әсеріне ие. Басқалар түрмеге ұзақ мерзімге қамауды жөн көреді, себебі олар қылмыскерлерді көшелерден алыс ұстау қоғамдық қауіпсіздікті арттыруға себептеседі деп сенеді. Егер өлім жазасы қылмысқа тежеу бола алмаса немесе егер бас бостандығынан айырумен бірдей тиімді, әрі одан арзанырақ балама шаралар болса - утилитарлы пайымдаулар түрлі қорытындыларға алып келуі мүмкін. Тағы бір ұстаным жазалау, ретрибуция әділеті немесе жазасын беру сұраныстары туралы деонтологиялық немесе табиғи құқық талаптарына баса мән береді. Бәлкім, адам өлтірушілер өлім жазасына, ал ұрылар мен зорлықшылар – түрмеге ұзақ мерзімге қамалуға лайық шығар? «Лайықты жаза» туралы сұрақ ненің шынымен қолайлы екендігі туралы сұрақтан өзгеше. Осы 15-ші тараудан мұндай жазалауды ақтау жолдарымен танысуға болады.

Қылмыс жасаған адамның жазасын беруге қатысты моральдық сұрақтар жетіп артылады. Дүкенді тонау, есірткі сату мен адам өлтіру сияқты өзара салыстыруға келмейтін қылмыстарды түрмедегі айлармен немесе жылдармен есептеп, қылмыскерлердің лайықты жазасын беруді біз қалай тағайындаймыз? Кей адамдар өлім жазасын мерзімінен бұрын шартты босату құқығынсыз өмір бойы бас бостандығынан айырумен алмастыруды дұрыс санаса да, біз жетпіс жастағы адамды елу жыл бұрын жасаған қылмысы үшін түрмеде ұстаған қолайлы ма және адамгершілік тұрғысынан әділетті ме деген сұрақты көтеруіміз мүмкін. Біз салық төлеушілердің қаржысы ондаған жылдар барысында түрмедегі адамдарды асырау, тамақтандыру және баспанамен қамту үшін жаратылып, ал қылмыстың құрбаны болған адамдар, басқалардың бәрі сияқты, өздерін өздері асырап, өз шығындарын өздері жабуға мәжбүр болуы әділетті ме деген сұрақты көтерсек болады. Моральдық сұрақтардың тағы бір тобы түрмеде ұстау жағдайларына байланысты болуы мүмкін – мысалы, ең қауіпті қылмыскерлерді бақылау амалы ретінде қатаң тәртіптегі түрмелерде оңаша қамауды қолдану қатыгез шара ма? Сонымен қатар біз бас бостандығынан айырылған немесе өлімге кесілген адамдардың отбасылары мен жақындары үшін түрмеге қамалу немесе өлім жазасына кесудің салдары қалай тиеді деген мәселеге қатысты ойланып көрсек болады. Оған қоса, біз қылмыстың нәтижесінде бұзылған қылмыскерлерді оңалту және олардың жақындарын қалпына келтірудің амалдарын қарастырсақ артық емес. Осы тұрғыда заңды жазалаудың сипаттарын ажыратып алған жөн.

Түрме этикасы мен өлім жазасы туралы не ойлайтынымызды білу үшін, біз алдымен заңды жазалау практикасы үшін келтірілген себептердің кейбірін қарастырып алуымыз қажет. Мұндағы басты назар кез-келген жазалауға емес, тек заң жүзіндегі жазалауға ғана бөлінуі тиіс. Сегіз жасар баланың ата-анасы оны жаман баға алғаны үшін бір апта теледидар көруге рұқсат бермеумен жазалауы мүмкін, ал мен құнарлығы жоғары тағамды жегенім үшін өзімді спортзалда екі есе көп уақыт өткізумен жазалай аламын – бірақ жазалаудың бұл түрлері заңды емес. Заңды жазалау, ата-ана мен өзімді өзім жазалауым сияқты, аздап «жаралау» үшін қолданылады; егер бірдеңе қуанышпен немесе рахаттанумен қабылданса, бұл жазалау емес қой. Заңды қылмыстық жазалаудың ең көрнекі түрі – түрмеге қамау. Жазалаудың тағы бір формалары айыппұл мен сот шешіміне сай тағайындалған қоғамдық жұмыстарды қамтиды.

Дегенмен, заңды жазалау жазалаудың басқа формаларынан бірнеше бағыт бойынша өзгешеленеді. Заңды жазалау қандай да бір құқықтық ережелерге сай болуы тиіс. Оны заңды тұлға санкциялап, яғни, бекітіп, кімнің және қанша мерзімге жазалануы тиіс екенін тағайындайтын ережелер жинағын ұстанады. «Қанға қан!» принципімен жазалау – заңды жазалау емес, себебі ол ресми билікпен емес, жеке адаммен немесе тобырмен орындалады. Оған қоса, құқықтық жүйе аясында жазалану үшін сіз алдымен қылмыс жасауыңыз немесе оған күдікті болуыңыз қажет, әрі тексеру-тергеу амалдары жүргізілгеннен соң, сіздің кінәңіз толығымен дәлелденіп шығуы тиіс. Біз адамдарды қылмыс жасағанға дейін немесе біз оны жасайды деп ойлайтын болсақ, қамауға алуды қанша ақтасақ та, бұл жазалау емес. Жазалаудың кез-келген түрі біреудің жазалауға лайық әрекет етуін болжайды. Ал заңды жазалауға келсек, бұл - заңмен тыйым салынған бірдеңе үшін жазалау. Қылмыстық құқық о бастан оны бұзғаны үшін қандай да бір санкцияға, қандай да бір қауіп-қатерге ие болуы тиіс, не болмаса, ол күшінен айырылады. Ал мұндай күші болмаса, бұл заң емес, жай ғана өтінім немесе талап болуы мүмкін.

Олай болса, құқықтық жазалау дегеніміз – құқықтық тұрғыда бекітілген ережелер жиынтығына сай, заңды бұзатындарға залал тигізу немесе күш көрсету деп айтуға болады. Алайда, мұндай тәжірибе орынды ма? Қоғамға өзінің кез-келген мүшесіне мұндай күш көрсету құқығы неге беріледі? Бұл сұрақ арқылы біз



Кітап: Этика: теориясы мен қазіргі мәселелері

Дәріс: Жазалау және өлім жазасы

Дәріс атворы: Ақмарал Байдлаева

тек құқық қана емес, мораль мәселесін де көтереміз. Заңды жазалауды моральдық тұрғыда ақтауға бола ма? Ақтауға болатын болса, не себепті?

Жазалауды ақтауға келгендегі дәстүрлі ұстанымдар тежеу немесе алдын-алуға, не болмаса жазалаушы әділет пен әділдік идеясына сүйенеді. Жазалау шаралары қылмысты тежейді дегенде, біз оның келешектегі басқа қылмыстардың алдын алады дегенді меңзейміз. Ал ретрибуция, жазасын өтеу туралы сөз қозғағанда біз заңды бұзатындар өздерінің қылмыстары үшін қандай да бір жолмен жауап беретінін жеткіземіз. Бірақ осы ұстанымдарға балама мысалдарды оңалту, қылмыстың алдын-алу және реституциялық әділет идеяларынан табуға болатынын атап өту маңызды. Бұл ұстанымдар әлеуметтік ситуацияны, қоғамдық жағдайды жазалау қажеттілігін барынша азайтатындай етіп өзгертуге бағытталған. Реституциялық әділет маңызды идея екендігіне қарамастан, оны «жазалаудың» нақ өзі емес, жазалауға балама амал деп атаған жөн. Жазалауды ақтаудың дәстүрлі амалдары қылмыстардың алдын-алу немесе оларды тежеудің утилитарлық қамын, әйтпесе, әділ есесін қайтару қажеттілігі туралы табиғи құқық немесе деонтологиялық идеяларды көздейді. Алдымен утилитарлы аргументтерге бет бұралық. Олардың бірі - Тежеу аргументі.

Заңды жазалауды моральдық тұрғыда ақтауға бола ма деген сұраққа берілетін жауаптардың бірі мынадай: «Егер (және тек қана егер) жазалау қылмыстың алдын алу немесе оны шектеу немесе тежеу үшін ойлап табылған болса, онда ия, оны ақтауға болады» деген жауап беріледі. Заңды жазалаудың осындай бірінші негіздемесіне қатысты жалпылама идея заңның табиғатымен қатар, оның мақсатына байланысты. Қылмыстық құқық жай ғана өтініш емес, заң болуы үшін, оған қосымша санкциялар бекітілуі тиіс. Оның артында күш тұруы қажет. Оған қоса, заң көптеген ықтимал мақсаттарды көздейді, олардың бірі – басқа адамдарға зиян келтіруді болдырмау. Біздің заңдарымыз, сірә, қандай да бір игілікті көздейтін болғандықтан, бұл заңдарды бұзу үшін берілетін жаза заңмен қарастырылған игіліктерге қолжеткізуді қамтамасыз етуі тиіс. Әрине, барлық заңдар жақсы емес. Алайда мұндағы идея: біз тек жақсы заңдардың болуын ғана емес, олардың барынша тиімді болуы үшін сақталуын қамтамасыз еткіміз келеді.

Осындай уәждемеге сай, заңды жазалаудың мақсаты – адамдардың заңды бұзуына кедергі жасау, оларды мұндай қадамнан тежеу, немесе осы екеуі де. Яғни, бұл - көрегенді, консеквенциалистік немесе қисынды негіздеме. Ал болдырмауға немесе алдын алуға келетін болсақ, потенциал, ықтимал немесе нақты қылмыскерлер әлеуметтік зарар келтіре алмау үшін құрықталып, оқшауланатын болса, қылмыстың алды алынады. Сонымен бірге біз көшелерді жарықтандыру, полиция қызметкерлерінің санын арттыру және т.б. шаралардың көмегімен қылмыстың алдын алсақ болады. Ал тежеуге келсек, біз жазалауды ықтимал қылмыскерлерді заңды бұзбауға сендіретін қауіп-қатер ретінде алға тарту арқылы қылмысты тежейміз. Егер жазалау тежеуші ықпал ретінде әсер ететін болса, ол ықтимал қылмыскерлердің ойлауы және шешім қабылдау үдерістері арқылы жүзеге асады. Қандай да бір ойластырылған әрекетті жасау үшін жазалану мүмкіндігі қарастырылып, осы әрекеттің нәтижесінде табылған пайда өз ақысына, яғни, тартылатын жазасына тұрмайтыны туралы тұжырым жасалады. Сонда адам сәйкесінше әрекет етеді.

Егер тежеу жоғарыда сипатталғандай әсер ететін болса, онда біз оның қылмыстың алдын алуда ықпалы бола бермейтін белгілі бір жағдайларды оңай анықтай аламыз. Мысалы, тежеу адамдарды аса қарқынды эмоциялар билеп тұратын қызбалық күйіндегі қылмысты болдырмауы екіталай. Мұндайда адамдар жасағалы тұрған әрекеттерінің тәуекелдері мен пайдасын есептеуге қауқары жетпей, істегісі келетін нәрседен өздерін тоқтатуға шамасы келмей қалады. Сонымен бірге, адамдар тәуекелдер мен пайданы есептеп, табатын пайдасы тәуекелден жоғары деген шешім қабылдағанда да, жазалау қаупінің әсері жеткіліксіз болады. Бұл жағдайларда ұсталып, жазалану тәуекелі азғана, ал табатын сый мен пайда көп сияқты көрінеді.

Жалпы, өлім жазасы қоғамдағы ауыр қылмыстармен күресу үшін қолданылған. Көне замандарда негізінен патшаның әмірін орындамаған адамды, иесіне қарсыласқан құлды, ұрлық жасаған адамды, бұйрықты орындамаған жауынгерді өлім жазасына кескен. Шыңғысхан әскерінде бір адам шайқас кезінде шегінсе немесе қашса құрамына сол жауынгер кіретін бір ондық түгел өлтірілетін болғанын сіздер мектеп қабырғасында жүріп, тарих пәнінде оқыған боларсыздар. 13 ғасырда Еуропада басталған инквизиция католик шіркеуінің ілімінен дүниетанымы өзгеше адамдарға өлім жазасын, көбіне, өртеуді қолданды. Ислам елдерінде кісі өлтірушілер, зинақорлар осы жазаға кесілді. Қазақ қоғамында да жазаның бұл түрі ауыр қылмыс жасағандарға қолданылды. Қанға қан қағидасын бірте-бірте құн төлету жазасы ығыстырғанымен, соғыс кезіндегі сатқындық, туыс адаммен көңіл қосу сияқты бірқатар қылмыстар үшін өлім жазасына кесті. Мұндай жаза түрі ат құйрығына байлау, таспен атқылау сияқты шаралармен іске асырылды. 20 ғасырдың 2-жартысында адам қоғамын ізгілендіру ағымының күш алуы нәтижесінде өлім жазасын жоюға бағытталған халықаралық шаралар іске асырыла бастады.



Кітап: Этика: теориясы мен қазіргі мәселелері

Дәріс: Жазалау және өлім жазасы

Дәріс атворы: Ақмарал Байдлаева

Еуропа Кеңесі Адам құқықтары мен бостандығын қорғау туралы конвенцияға қосымша 1983 жылғы 28 сәуірде өлім жазасын жою туралы №6 хаттама қабылдады. БҰҰ Бас Ассамблеясы Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық пактіге қосымша 1989 жылы 15 желтоқсанда өлім жазасын жою туралы екінші қосымша хаттама қабылдап, әлем елдерін сол хаттамаға қол қойып, қосылуға шақырды. Осы шаралардан кейін әлемнің 80-нен астам мемлекеті өз қылмыстық заңынан өлім жазасын алып тастады. Қазақстанда өлім жазасы, бізде ол ату арқылы орындалады, тек айрықша ауыр қылмыстар, мысалы лаңкестік, геноцид, айуандықпен кісі өлтіру, т.б. үшін тағайындалады. 18-ге толмаған жасөспірімге, әйел адамға, сот үкімі шыққанға дейін 65 жасқа толған ер адамға қолданылмайды. Рақымшылық жасалған жағдайда өлім жазасы өмір бойына немесе 25 жылға бас бостандығынан айыру жазасына ауыстырылуы мүмкін.

Қазақстандағы өлім жазасына байланысты жағдай

Қазақстанда 2003 жылдың желтоқсан айынан бастап өлім жазасына мораторий жарияланған. Қазақстанда өлім жазасына тыйым салынғанға дейін 536 өлім жазасы қолданылған екен. 2014 жылы Қазақстанда, АҚШ-тың кей штаттарындағыдай, өлім жазасынан толықтай бас тарту жайлы әңгімелер болды. Сарапшылар сол кезде өлім жазасының криминогендік жағдайды тоқтатпайтынын айтқан еді. Сонымен қатар, олар өлім жазасына ұқсас жаза ретінде өмір бойына бас бостандығынан айыру жазасын қолдануға болатынын айтты. Осыдан екі жыл бұрын депутаттар ҚР қылмыстық заңнамасында өлім жазасын қолданбау туралы ұсынысқа қатысты пікір білдірген еді. Алайда Бас прокуратурадағылар бұл ұсынысқа қарсылық білдірді. Олардың айтуынша, Қазақстанда өлім жазасын толықтай алып тастауға Конституция кедергі келтіреді.

Ұсынылатын әдебиет тізімі:

1. Todd R. Clear, Michael D. Reisig, and George F. Cole, eds., *American Corrections* (Stamford, CT: Cengage Learning, 2012), Chapter 18.
2. Institute for Criminal Policy Research, “World Prison Brief,” accessed March 16, 2016, <http://www.prisonstudies.org/>
3. Bureau of Justice Statistics, “Prisoners in 2014,” September 2015, accessed March 16, 2016, http://www.bjs.gov/content/pub/pdf/p14_Summary.pdf
4. Steven D. Levitt, “Understanding Why Crime Fell in the 1990s: Four Factors That Explain the Decline and Six That Do Not,” *Journal of Economic Perspectives* 18, No. 1 (2004).
5. Richard Brandt, *Ethical Theory* (Englewood Cliffs, NJ: Prentice Hall, 1959).
7. Jim Webb, “Why We Must Fix Our Prisons,” *San Francisco Chronicle*, March 29, 2009.
6. John J. Gibbons and Nicholas de B. Katzenbach, *Confronting Confinement* (New York: Vera Institute of Justice, 2006).
7. Prerna Anand, “Winners and Losers: Corrections and Higher Education in California,” *California Common Sense*, September 5, 2012, accessed March 24, 2016, <http://www.cacs.org/ca/article/44>
8. Michelle Alexander, *The New Jim Crow: Mass Incarceration in the Age of Colorblindness* (New York: The New Press, 2010).
9. Sara Wakefield and Christopher Uggen, “Incarceration and Stratification,” *Annual Review of Sociology* 36 (2010).
10. Hennessey Haynes, “Reoffending and Restorative Justice,” in *Handbook of Restorative Justice*, eds. Gerry Johnstone and Daniel Van Ness (London: Willan Publishing, 2007).
11. Laura Magnani and Harmon L. Wray, *Beyond Prisons: A New Interfaith Paradigm for Our Failed Prison System* (Minneapolis, MN: Fortress Press, 2006).
12. Trudy Conway, David McCarthy, and Vicki Schieber, eds., *Where Justice and Mercy Meet* (Collegeville, MN: Liturgical Press, 2013).
13. Mike Farrell, “Death Penalty Thrives in Climate of Fear,” *San Francisco Chronicle*, February 24, 2002.
14. Daniel S. Nagin and John V. Pepper, eds., *Deterrence and the Death Penalty* (Washington, D.C.: National Academies Press, 2012).
15. Immanuel Kant, *The Philosophy of Law* (Edinburgh: T&T Clark, 1887).